



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН  
ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ**

Ақтау 2022

## МАЗМҰНЫ

1	<b>МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ</b>	3
2	<b>ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР</b>	3
3	<b>ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР</b>	4
4	<b>ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</b>	6
5	<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	7
6	<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	9
7	<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ӨЗІРЛЕУ</b>	10
8	<b>ҚОС ДИПЛОМДЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ</b>	15
9	<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӨЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	16
10	<b>MINOR КАТАЛОГТЫ ӨЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	17
11	<b>МОДУЛЬДІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ</b>	18

## 1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы Ереже "Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕАҚ (бұдан әрі – Есенов университеті) білім беру бағдарламаларының құрамына, мазмұнына, ресімделуіне, әзірленуіне, бекітілуіне және іске асырылуына қойылатын талаптарды айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

1.2 1.2 Осы Ереже келесі құжаттарға сәйкес әзірленген:

- 1) Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319-III «Білім туралы» заңы (өзгерістер мен толықтырулармен);
- 2) ҚР БҒМ 30.10.2018 жылғы № 595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістер мен толықтырулармен);
- 3) ҚР Білім және ғылым министрлігінің 20.04.2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (өзгерістер мен толықтырулармен);
- 4) ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен және толықтырулармен);
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;
- 6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 04 желтоқсандағы № 665 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі;
- 7) Еревандағы Министрлер конференциясында қайта қаралған және мақұлданған ECTS қолдану жөніндегі нұсқаулық, 14-15 мамыр 2015 ж.;
- 8) Кәсіптік стандарттар мен салалық біліктілік шеңберлерін ("Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының сайтында орналастырылған): <https://atameken.kz/ru/services/16-professionalnyue-standarty-i-tsentrysertifikatsii-nsk>); Профессиональных стандартов и отраслевых рамок квалификаций (размещены на сайте Национальной Палаты предпринимателей «Атамекен»: <https://atameken.kz/ru/services/16-professionalnyue-standarty-i-tsentrysertifikatsii-nsk>);
- 9) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 04.06.2020 жылғы № 11933-1943 бұйрығымен бекітілген "Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" КЕАҚ Жарғысы;
- 10) Есенов университетінің 2025 жылға дейінгі Даму стратегиясы;
- 11) Университеттің Академиялық саясаты және басқа да нормативтік құжаттары.

## 2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

ҚР БҒМ	–	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖББ МЖМББС	–	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ЖОО МЖМББС	–	Жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҰБШ	–	Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ	–	Салалық біліктілік шеңбері

КС	–	Кәсіби стандарт
ҚА	–	Қорытынды аттестация
Есенов Университеті	–	КЕАҚ «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті»
ЖЖООББҰ	–	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
ОҚТ	–	Оқытудың қосымша түрлері
ECTS	–	Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі
МОЖ	–	Модульдік оқу жоспары
БББ	–	Білім беру бағдарламасы
ҚНББ	–	Құзыреттілікке негізделген білім беру бағдарламасы
АК	–	Академиялық Кеңес
АССКБ	–	Академиялық стандарттар және сапа кепілдіктері басқармасы
АБ	–	Академиялық бюро

### 3. ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) қолданыстағы білім беру бағдарламасы - ЖОО-да кемінде бір маман бітіруі жүргізілген ЖОО-ның білім беру бағдарламасы; қолданыстағы білім беру бағдарламасы-ЖОО-да кемінде бір маман бітіруі жүргізілген ЖОО-ның білім беру бағдарламасы;

2) дескрипторы – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

3) Еуропалық трансферт (аудару) және кредиттер жинау жүйесі (ECTS) - студенттің шетелде алған кредиттерін өзі оқитын білім беру ұйымына оралғанда дәреже алу, сондай-ақ білім беру бағдарламасы шеңберінде кредиттер жинау үшін есептелетін кредиттерге аудару тәсілі;

4) инновациялық білім беру бағдарламасы-Қазақстан Республикасында баламасы жоқ жоғары оқу орнының коммерциялық табысты білім беру бағдарламасы алғаш рет қолданысқа енгізіледі;

5) құзыреттілік тәсіл – оқыту нәтижелерін модельдеу және оларды жоғары білім беру сапасының нормалары ретінде ұсыну әдісі;

6) құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

7) кредит (сынақ бірлігі) – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

8) оқытудың кредиттік технологиясы - білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

9) модуль – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;

10) модульдік білім беру бағдарламасы – біліктілікті беруге қажетті құзыреттерді меңгеруге бағытталған модульдердің жиынтығы мен дәйектілігі;

11) ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

12) тізілімге енгізілгенге дейін ЖОО-да кадрлар даярлау жүзеге асырылмаған жаңа білім беру бағдарламасы;

13) білім беру бағдарламасы-оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

14) пәннің сипаттамасы - пәннің мақсаттарын, міндеттері мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады);

15) оқыту нәтижелері - білім алушы оқу аяқталғаннан кейін білуі, түсінуі және білуі тиіс күтілетін көрсеткіштер;

16) салалық біліктілік шеңберлері (СБШ) – құрылымдалған сипаттама салада танылатын біліктілік деңгейлері;

17) білім беру бағдарламасының паспорты -бағдарламаның ҰБШ, СБШ және КС-пен байланысының, оқыту нәтижелері мен пәндерінің сипаттамасын қамтитын, сондай-ақ оқытудың еңбек сыйымдылығына, мерзімдеріне, тіліне қатысты мәліметтерді қамтитын қысқаша сипаттамасы;

18) қос диплом бағдарламалары – әріптестердің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығына және үндестірілуіне негізделген және Тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша жалпы міндеттемелер қабылдауымен сипатталатын бағдарламалар;

19) кәсіптік стандарт (КС) – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттерге, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

20) білім беру бағдарламасын әзірлеу- оқыту нәтижелері мен тиісті еңбек шығындарын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен рәсімдерін/бағалау өлшемшарттарын көрсете отырып, білім беру бағдарламасын және оның компоненттерін сынақ бірліктерінде жоспарлау;

21) Оқыту нәтижелері (ОН) – формальды және формальды емес оқыту процесінде алынған және біліктілікті алу кезінде расталған және танылған құзыреттер. Оқыту нәтижелері-оқыту процесі аяқталғаннан кейін білім алушы білуі, түсінуі және/немесе орындай алуы тиіс күтілетін көрсеткіштер. Олар бір курсқа, модульге немесе оқу кезеңіне, сондай-ақ жалпы бағдарламаға қатысты болуы мүмкін.

22) еңбек сыйымдылығы-оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті оқу қызметінің барлық түрлері (дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтар, білім алушының өзіндік жұмысы, емтихан тапсыруға дайындық, ақпарат іздеу, ғылыми зерттеулер жүргізу және т. б.).

#### 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Құзыреттілікке негізделген білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартына, ҰБШ, салалық және кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базасына, арнайы оқу және оқу әдебиеттеріне, жоғары білім берудің еуропалық тәжірибесіне, сонымен қатар жұмыс берушілер мен түлектердің қажеттіліктеріне сәйкес жасақталады.

Еңбек нарығының талаптарына сай білім мен дағдыларды меңгерген мамандарды даярлау мақсатында білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін бекітілген кәсіптік стандарттар мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының сайтында орналастырылған салалық біліктілік шеңберін басшылыққа алу қажет: <https://atameken.kz/ru/services/16-professionalnyye-standarty-i-tsentry-sertifikatsii-nsk>

4.2. БББ мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесінің мазмұнын және енгізу технологиясын, сонымен қатар білім беру бағдарламасы бойынша түлектерді даярлау сапасын бағалауды реттейді.

4.3. Оқыту нәтижелерінің тиімділігіне кешенді тәсілді сақтау жолымен, яғни БББ да, ОЖ-да модульдік принцип бойынша қалыптасқанда қол жеткізіледі. Оқыту нәтижелері барлық бағдарлама үшін де, әр модуль үшін де, жеке пән үшін де жасақталады.

4.4. Жеке БББ жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі бір ғана білім деңгейіне және дайындау бағытына қатысты әзірленеді. Оқытудың бір бағыты аясында әр түрлі бағыттағы бірнеше бөлек БББ іске асырылуы мүмкін. БББ бірнеше факультетпен және / немесе білім беру ұйымдарымен, оның ішінде халықаралық деңгейдегі БББ бірлесіп жүзеге асырылуы мүмкін.

4.5. Әрбір БББ үшін бір ОЖ жасақталады. МЖМБББС ауыстырылған кезде жаңа БББ жасалуы мүмкін.

4.6. БББ классификациясының негізіне қарай әр түрлі болуы мүмкін:

Білім деңгейіне сәйкес БББ бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламаларына бөлінеді.

Пәндік салаға сәйкес БББ оқытудың бір бағытына сәйкес келуі немесе пәнаралық болуы мүмкін.

Қажеттілігіне (жүзеге асыру орны бойынша) қарай БББ бір университетте жүзеге асырылуы мүмкін немесе бірлескен –Есенов Университеті басқа ұйымдармен бірге толықтай немесе ішінара жүзеге асырады.

Бірлескен бағдарламаның ерекшелігі - халықаралық білім беру бағдарламаларының болуы; оларды жүзеге асыруға шетелдік серіктестер қатысады. Бірлескен бағдарламаның тағы бір ерекшелігі - «қос диплом бағдарламалары»; оларды жүзеге асыру барысында білім алушыларға екі серіктестің дипломдарын беру болжанады.

БББ-на дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізген кезде, олар теориялық дайындық пен өндірістегі практикалық сабақтың үйлесімділігі негізінде оқу қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады. Сонымен бірге, пәннің оқу материалының 40% -ға дейін өндірісте оқытылуы қажет.

4.7. БББ әзірлеушілері – АҚ болып табылады. БББ-нің дамуына, сондай-ақ барлық деректің объективтілігі мен дәйектілігіне жауапкершілік кафедра меңгерушісі (БББ жетекшісі) мен АҚ-ға жүктеледі. БББ кестенің бекітілген құрылымы мен нысанына сәйкес екі тілде (мемлекеттік және орыс) жасақталады. Білім беру бағдарламасы А4 форматты қағазда орындалуы керек. БББ көрсетілген кестелер А4 форматына сәйкес келуі керек.

БББ компьютер мен принтердің көмегімен А4 қағаз парағының бір жақ бетінде бір интервал арқылы басылуы керек. Шрифт түсі қара, әріптердің, сандардың және басқа белгілердің биіктігі өлшемі 12 кегль болуы тиіс. Кестелердің құрылымын үйлестіру және сақтау үшін мәтіннің шрифтерін кішірейтуге жол беріледі. БББ мәтіні келесі өлшемдерді сақтай отырып басылуы керек: оң жақта - 15 мм, сол жақта - 30 мм, жоғарғысы - 20 мм, төменгіде - 20 мм.

БББ мәтіндегі абзацтар 12,5 мм шегініспен басталады. Басып шығарылған мәтіннің сапасы және баспа кестелерінің дизайны оларды нақты көбейту талаптарын қанағаттандыруы керек.

БББ құрылымдық элементтерінің тақырыптары, тараулары, кіші тараулары бірінші бас әріптен басталып, соңында нүктесіз басылуы керек. Тарау мен мәтін арасындағы қашықтық екі интервалға (3-4 мм) тең болуы керек.

4.8. БББ-ның орындалу сапасы үшін жауапкершілікті кафедра меңгерушісі (БББ жетекшісі) және факультет деканы алады.

Университет жыл сайын БББ жаңартады (пәндердің құрамы тұрғысынан, ғылымның, техниканың, мәдениеттің, экономиканың, технологияның және әлеуметтік саланың дамуын ескере отырып). БББ-ға өзгерістер ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынымдары негізінде де енгізілуі мүмкін.

Жаңадан қабылданған БББ бойынша оқыту 1-ші курстан басталады. Басқа курстардың студенттері / магистранттарын оқыту бұрын бекітілген БББ сәйкес жүзеге асырылады. Бекітілген БББ - бұл мамандық бойынша білім алушының барлық кезеңінде өзгермейтін университетішілік негізгі нормативтік құжат. Кафедра жыл сайын жаңа оқу жылына арналған жетілдірілген БББ қалыптастыру үшін ЭП каталогын талдайды және қажет болған жағдайда толықтырады, бұл ретте білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне байланысты модульдердің сипаттамасына толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі.

4.9. Осы Ереженің талаптарын іске асыру үшін жауапкершілік АССКБ басшысына жүктеледі.

4.10. Академиялық жұмыс жөніндегі вице-президент осы Ереженің талаптарының орындалуын бақылайды.

## **5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖОСПАРЛАУ**

5.1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің БББ әзірлеудің бастапқы кезеңінде факультет (академия) БББ ашуды жоспарлап, БББ даярлау бағыттары мен топтарының тізімін анықтайды. Дайындау бағыттары мен топтарының тізімін құру үшін нарықтың қазіргі және болашақ қажеттіліктері анықталады. Факультет дайындық бағыттары мен топтары бойынша (бакалавриат, магистратура, докторантура) БББ әзірлеу кезінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салалары мен мамандандырылуын анықтайды, ҚНББ. Факультеттің (мектеп, академия) АБ төрағасы келесі оқу жылына жоспарланған БББ туралы АҚ төрағасының атына ұсыныс береді. Бірінші кезеңнің мерзімі - оқу жылының қыркүйегі.

5.2. БББ дайындау бағыттары мен топтарының тізбесі анықталғаннан кейін БББ тобы бойынша академиялық комитет (бұдан әрі – АҚ) құрылады. АҚ мақсаты - білім беру бағдарламасының тобы үшін БББ тізімін анықтау, жобалау, әзірлеу және жетілдіру. Факультеттің (мектептің, академияның) АБ төрағасы АҚ құрамына келісу үшін АҚ төрағасына ұсыныс береді. АҚ құрамы президент-ректордың бұйрығымен бекітіледі, екінші кезеңнің мерзімі - оқу жылының қазан айы.

АҚ құрамына кіреді:

1) ПОҚ құрамының өкілдері. Пәнаралық қатынасты қамтамасыз ету үшін АҚ-ға мамандандырылған бөлімдердің де, жалпы білім беретін және базалық дайындықты қамтамасыз ететін бөлімдердің өкілдері де тартылуы мүмкін.

2) білім алушылар өкілдері;

3) жұмыс берушілер өкілдері.

АҚ басқаруды факультет деканы (мектеп, академия) жүзеге асырады.

5.3. Оқушы профилін құру: құзыреттілік модельдері. Құзыреттілік пен ОН дамыту кезінде келесі кәсіби жоғары дағдыларды ескеру ұсынылады:

1. Мәселелерді кешенді түрде шешу

2. Сыни тұрғыдан ойлау
3. Шығармашылық
4. Адамдарды басқару білу
5. Адамдармен қарым-қатынас
6. Эмоционалды интеллект
7. Өз пікіріңізді қалыптастыру және шешім қабылдау
8. Клиентке бағдарлану
9. Келіссөздер жүргізу мүмкіндігі
10. Когнитивті икемділік (ақыл)

2) халықаралық бенчмарк және сыртқы бағалау. Әрбір БББ үшін стратегиялық кәсіби мен университеттің стратегиялық серіктестерін анықтау қажет.

3) кәсіби тану. Студенттерге кәсіби сертификат алуға мүмкіндік беретін пәндерді анықтау қажет.

4) тәжірибеге бағытталған. Дуальды оқыту жүйесінің элементтерін енгізу, теориялық оқытуды өндірісте практикалық оқытумен ұштастыру негізінде оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Бұл ретте пәннің оқу материалын 30%-ға дейін тікелей өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық іс-әрекет процесі, қаржылық-экономикалық мәселелер, психологиялық-педагогикалық процесс және т.б.) игеру қажет.

5) пәнаралық тәсіл; major-minor. Пәндер мен БП және КП циклдерінің модульдерінің бағдарламалары бірқатар білім салаларының түйіскен жерінде кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көпсалалы сипатқа ие болуы тиіс. Білім алушы оқытудың жеке білім беру траекториясын анықтау кезінде жоғары оқу орны компоненті мен таңдау компоненті шеңберінде негізгі білім беру бағдарламасы және қосымша БББ бойынша пәндерді таңдайды;

6) forecasting-болжау. Құзыреттілік моделін құру кезінде болашақ жылдардың (5-10 жыл) құзыреттілік трендтерін ескеру қажет.

7) БББ туралы ақпарат сайтта, әлеуметтік желілерде, мобильді қосымшаларда орналастырылуы тиіс.

5.4 БББ жобалаудың бірінші кезеңінде білім беру бағдарламасының атауы, мақсаттары мен міндеттері жобаланады.

Келесі кезеңде БББ жобалау үшін АК кәсіби қызмет саласына зерттеу жүргізеді. Кәсіптік қызмет саласын зерттеудің басында АК құзыреттіліктің бастапқы тізімін қалыптастыру үшін құжаттарға талдау жүргізеді (отандық және шетелдік ҰБШ, СБШ, КС МЖМББС, лауазымдық нұсқаулықтар және т.б.). Құзыреттіліктің алдын ала тізбесін нақтылау және басымдық беру мақсатында жұмыс берушілермен кездесулер өткізіледі. Кәсіби қызмет саласын талдау қорытындысы бойынша құзыреттердің түпкілікті тізбесі қалыптастырылады. Үшінші кезеңнің мерзімі-оқу жылының қараша-желтоқсан айлары.

5.5 Келесі кезең-әзірлеушілердің білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін тұжырымдауы. Бағдарламаны оқытудың нәтижелері-білім алушы бүкіл бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін не білуі, түсінуі және жасай алуы керек. Оқыту нәтижелері Еуропалық Трансфер жүйесінің және сынақ бірліктерін жинақтаудың нұсқаулықтары негізінде тұжырымдалады. Бесінші кезеңнің мерзімі-оқу жылының қаңтар айы.

Оқу нәтижелерін жобалау кезінде БББ түлектерді екі негізгі компонентпен қаруландыруы керек екенін ескеру қажет:

1) мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (өзін-өзі оқыту және жүйелік ойлау; транс дисциплинарность және кроссфункционалдылық; АКТ-құзыреттілік; тілдерді білу, технологиялық сауаттылық; креативтілік, кәсіпкерлік, әлеуметтік интеллект, топ мүшелерімен ынтымақтастық, клиентке бағдарлану, тұтынушының сұраныстарымен жұмыс істей білу, жоғары белгісіздік режимінде жұмыс істеу және тапсырма шарттарын жылдам өзгерту-soft skills);



2) әр маманға кез-келген жағдайда нақты әрекет етуге мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар (hard skills).

5.6. Ары қарай білім беру бағдарламасының модульдері жобаланады. БББ құзыреттілік моделі аясында әзірленеді және мазмұны мақсаттарынан, құзыреттерінен және модуль бойынша оқыту нәтижелерінен тұратын модульдерден тұрады. Модуль құрылымы бір немесе бірнеше құрылымдық бірліктен (пәндер / тәжірибелер) тұруы мүмкін. Модульдің мазмұны сабақ формалары, оқыту әдістері мен бағалау формалары аясында еңбек сыйымдылығын көрсететін барлық құрылымдық бірліктерді қамтиды. Құзыреттілік және оқыту нәтижелері аясындағы модульдер, пәндер тізімін анықтағаннан кейін кредит бойынша модульдер мен пәндердің еңбек сыйымдылығы анықталады. Осының негізінде білім беру бағдарламасының оқу жоспарының жобасы құрылады.

5.7. БББ құрылымдық элементтерін әзірлеу кезінде модуль мен пәнді оқыту нәтижелеріне ерекше назар аудару қажет. Модуль мен пәннің оқу нәтижелерін тұжырымдау кезінде белсенді етістіктер қолданылады. Бесінші кезеңнің мерзімі - оқу жылының ақпан айы.

5.8. Әзірленген білім беру бағдарламасы ішкі және сыртқы сараптамадан өтеді. білім беру бағдарламасын әзірлеу сапасын бағалауды сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Эсперттік кеңес жүргізеді, оның құрамына академиялық қоғамдастықтың өкілдері, жұмыс берушілер мен білім алушылар кіруі тиіс.

БББ сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Сараптамалық кеңестің құрамын білікті, тәжірибелі оқытушылар, жұмыс берушілер, білім алушылар мен түлектер арасынан факультет бекітеді.

5.9. Ішкі және сыртқы бағалаудан өткеннен кейін БББ сарапшылары жұмыс берушімен келіседі және факультеттің АҚ-де талқыланады, оқу жылының наурыз айында АЖ-да бекітіледі. Бекіту туралы шешім хаттамамен ресімделеді.

Әзірлеушілер білім беру бағдарламасын, модульдік оқу жоспарын, оқу жоспарына кіретін барлық модульдердің сипаттамасын бекітуге ұсынады.

5.10. Қос дипломды білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспары серіктес ЖОО-мен уағдаластыққа байланысты АС немесе ҚБ-да бекітілуі мүмкін

5.11. Бекітілгеннен кейін білім беру бағдарламасының паспорты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі БББ тізіліміне (Реестр ОП) енгізу үшін жіберіледі. Тізімге енгізудің соңғы мерзімі - оқу жылының сәуір айы.

5.12. БББ кафедраның құжаттарында сақталады - әзірлеушілер (көшірме) және ОӘБ (түпнұсқа).

5.13. БББ жұмыс берушілердің, түлектердің, білім алушылардың талаптары мен ережелеріне және ҚР БҒМ нормативтік құжаттарына сәйкес қайта қаралуы мүмкін.

5.14 БББ әзірлеу мерзімдерін сақтауын бақылауды факультеттің АБ төрағасы, ОӘБ бастығы, АҚ төрағасы жүзеге асырады.

## **6. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

6.1 Білім беру бағдарламасының түсіндірме жазбасы Ф УЕ 109-04-2022 нысанына сәйкес әзірленеді. В066 –теңіз көлігі және технологиялар тобының білім беру бағдарламалары үшін білім беру бағдарламалары Ф УЕ109-06-2022 нысанына сәйкес білім беру бағдарламасы (пднв-78/95 сәйкес мамандарды конвекциялық даярлау) әзірленеді.

6.2 БББ келесі элементтерді қамтиді:

1)Титуль парағы:

- Университет атауы;
- Келісу және бекіту грифтері;
- Коды (шифр) мен дайындау бағытының атауы:
  - Білім беру саласы:
  - Дайындау бағыты:
  - Білім беру бағдарламаларының тобы:

- БББ түрі.

Білім беру бағдарламасының коды мен атауы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының Жіктеуішіне сәйкес келеді.

2. БББ әзірлейтін жұмыс тобының құрамы.

3. Мазмұны

4. Негізгі құжаттар

5. Анықтамалар мен қысқартулар

6. Білім беру бағдарламасының паспорты

7. Кіріспе. БББ жалпы сипаттамасы. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

8. Түлек моделі

8.1. Маманның лауазымдар тізімі.

8.2. Түлектің кәсіби қызметінің саласы

8.3. Кәсіби қызметтің нысаны.

8.4. Кәсіби қызмет.

8.5. Кәсіби қызметтің функциялары.

9. Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері

10. Білім беру бағдарламасының модульдерін оқытудың нәтижелері

12. Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы (ОН).

13. Білім беру бағдарламасының пәндері бойынша оқыту нәтижелерін қалыптастыру матрицасы

13. Пәндер туралы ақпарат.

## **7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ӘЗІРЛЕУ**

7.1 Кіріспе еркін түрде жазылады. Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде, ең алдымен, берілетін біліктілік деңгейі анықталады, ол тиісті ұлттық заңнама және қолданыстағы біліктілік шеңберлері (еуропалық, ұлттық, салалық) негізінде анықталады.

Бірінші кезекте, білім беру бағдарламасының атауы мен мақсаттары анықталады. Бағдарламаның атауы бағдарлама мазмұнын көрсететіндей қысқа, нақты, тартымды және ақпаратты болуы керек. БББ атауы Сыныптауышқа (Классификатор) сай дайындық бағытына сәйкес келуі тиіс.

Еңбек нарығының қажеттіліктері мен нақты БББ ерекшелігі есепке алына отырып, оқыту саласында да, тәрбиелеу саласында да БББ мақсаттары мен міндеттері беріледі. Жұмыс берушілердің талаптары, түлектердің, студенттердің ұсынымдары, Дублин дескрипторларының даярлау деңгейлері / циклдеріне қойылатын біліктілік талаптары негізінде БББ мақсаты сипатталады. Білім беру бағдарламасының мақсаты мүмкіндігінше қысқа түрде жазылу керек (1-3 сөйлеммен), білім алушылардың меңгеретін құзіреттіліктері нақты және анық жасақталу керек. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен мазмұны университеттің миссиясы мен стратегиясына сәйкес болады.

Білім алушыларға аталмыш құзыреттерді алуға мүмкіндік беретін пәндерден құзыреттілік моделін жасақтау қажет. Сондай-ақ, білім беру бағдарламасының Кіріспесінде БББ толыққанды іске асыруға арналған ресурстар көрсетіледі.

7.2 Түлек моделін жасақтау (түлектің біліктілік сипаттамасы). Білім алушылардың білім беру бағдарламасын игергеннен кейін алатын құзыреттіліктер жиынтығы түлектің біліктілік сипаттамасын көрсетеді. Кәсіби іс-әрекеттің мазмұны - бұл кәсіби іс-әрекет процесінде алынған теориялық білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды қолдану мен жүзеге асырудың әдістері мен әдістерінің жиынтығы.

7.3 Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері. Білім беру бағдарламасының модульдері бойынша оқу нәтижелері. . Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелері

бағдарламаның бейініне негізделеді және студент бағдарламаны аяқтағаннан кейін не билетінін, түсінетінін және не істей алатындығын сипаттайды

Модульдік білім беру бағдарламасын құрудың негізі - оқу процесінде алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын іс жүзінде қолдану қабілетін білдіретін құзыреттілік тәсілі. Оқыту нәтижелерін әзірлеу жоғары білім берудің Еуропалық біліктілік шеңберінің Дублиндік дескрипторларына сәйкес кәсіптік қызметтің барлық түрлерін қамтитын, бітірушінің құзыреттеріне және білім деңгейіне қойылатын талаптарды сипаттайтын бакалаврдың/магистрдің/докторанттың біліктілік сипаттамасына сәйкес жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері бағдарлама деңгейінде де, модуль және пән деңгейлерінде де қалыптасады. БББ оқыту нәтижелері барлық мүдделі тараптардың, әсіресе жұмыс берушілер мен түлектердің ұсыныстарын көрсетуі керек. Оқу нәтижелері білім алушының бітірудегі қабілеттерін ашуы керек. Оқыту нәтижелерінде оқу бітіргеннен кейінгі бітіруші маманның білімі, білігі және жеке қасиеттерінің моделі сипатталуы керек. Оқыту нәтижелері айқын және қарапайым түрде сипатталып, бақыланатын, өлшенетін және бағаланатын болуы керек. Оқыту нәтижелері Блум таксономиясының деңгейімен сипатталады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін құрастыру кезінде ECTS пайдалану нұсқаулығына сілтеме жасалу қажет:

- Оқыту нәтижелерінің сипаттамалары бағдарламаның контекстін, деңгейін, ауқымын және мазмұнын жеткілікті түрде көрсетуі керек.

- Оқыту нәтижелерінің тұжырымдары қысқа және толық емес болуы керек.

- Оқыту нәтижелері өзара сәйкес келуі керек.

- Оқу нәтижелері түсінікті және бағдарлама аяқталғаннан кейін студенттің жетістіктері тұрғысынан тексерілуі керек.

- Оқу нәтижелері көрсетілген еңбек шығындары аясында қол жетімді болуы керек.

- Оқыту нәтижелері оқу қызметінің тиісті түрлерімен, бағалау әдістерімен және өлшемшарттарымен байланысты болуы тиіс.

Бағдарлама деңгейіндегі оқу нәтижелерінің санына қатысты қатаң ережелер жоқ. Білім беру бағдарламасы бойынша осы бағдарламаны толық меңгерген тұлға көрсете алатын 8-12 негізгі оқу нәтижелерін сипаттау ұсынылады. Бағдарламаның күтілетін нәтижелері типтік / орта студент үшін таңдалған оқу траекториясына қарамастан жазылады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін жазу кезінде бағдарламадағы барлық модульдер үшін оқыту нәтижелерін механикалық түрде біріктіруге болмайды.

Оқыту нәтижелері жоғары білім берудің **Еуропалық біліктілік шеңберінің Дублин дескрипторларына сәйкес әзірленген:**

Оқыту нәтижелері	Бакалавриат	Магистратура	Докторантура
<b>Білу және түсіну</b>	жалпы орта білім негізінде қалыптасқан оқу саласындағы білім мен түсініктерді көрсету және, әдетте, алдыңғы қатарлы оқулықтар қолдайтын деңгейге сәйкес келеді және оқу саласындағы ең озық біліммен байланысты белгілі бір аспектілерді қамтиды	көбінесе зерттеу аясында идеяларды әзірлеу және/немесе қолдану кезінде өзіндік ерекшеліктің негізін немесе мүмкіндігін құрайтын бакалавр деңгейімен байланысты білім мен түсінікке негізделген және одан тыс және/немесе	зерттеу саласындағы жүйелі түсініктерді көрсету және белгілі бір салада зерттеу біліктері мен әдістерін игеру

		тереңдетілген білім мен түсініктерді көрсету мүмкіндік құрайды.	
<b>Қолдану және талдау</b> (білім мен түсінуге машықтану)	өз білімі мен түсінігін еңбек қызметіне немесе мамандыққа кәсіби тұрғыдан қарауды қуәландыратын тәсілмен қолдану қабілеті және әдетте зерттеу саласындағы дәлелдерді қалыптастыру және негіздеу және проблемаларды шешу арқылы көрсетілетін құзыреттерге ие болу көрінеді.	өз білімі мен түсінігін қолдана білу және жаңа және таныс емес контекстегі мәселелерді зерттеу саласына байланысты кең (пәнаралық х) контексте шеше білу	ғылыми тұтастықпен маңызды зерттеу процесін құру, әзірлеу және бейімдеу мүмкіндігі; кейбір аспектілері ұлттық немесе халықаралық рефератталған жарияланымдарда көрініс табатын маңызды еңбекті дамыту арқылы қолданыстағы білім аясын кеңейтетін түпнұсқа зерттеу арқылы үлес қосу
<b>Синтез және бағалау</b> (пайымдаулар жасау, идеяларды бағалау және тұжырымдар жасау мүмкіндігі)	маңызды әлеуметтік, ғылыми немесе этикалық мәселелерді ескере отырып пайымдау үшін тиісті деректерді жинау және интерпретациялау мүмкіндігі (әдетте зерттеу саласында)	білімді біріктіру және күрделі мәселелерді шешу және олардың білімі мен пайымдауларын пайдаланумен байланысты әлеуметтік және этикалық жауапкершілікті есепке алуды көздейтін толық емес немесе шектеулі ақпарат негізінде пайымдау қабілеті	жаңа және күрделі идеяларды сыни талдауға, бағалауға және синтездеуге қабілетті
<b>Әлеуметтік-коммуникативті</b> (ынтымақтастыққа дайын болу)	мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, проблемалар мен шешімдерді хабарлай білу	өз тұжырымдарын және оларды тұжырымдау үшін пайдаланылған білімдер мен негіздемелерді мамандар мен маман еместерге нақты және дәйекті түрде	өз саласының тақырыбы бойынша мәртебесі тең, кең ғылыми қоғамдастықпен және қоғаммен қарым-қатынас жасай білу

		жеткізе білу жеткізу мүмкіндігі	
<b>Метақұзыреттіліктер (оқыту саласындағы іскерліктер)</b>	автономияның жоғары деңгейімен оқуды жалғастыру үшін қажет білім беру саласында осындай дағдылардың болуы	оқытуды едәуір дәрежеде дербес және дербес түрде жалғастыруға мүмкіндік беретін оқыту саласындағы дағдыларға ие болу	білімге негізделген қоғамды қалыптастыру мүддесінде академиялық және кәсіби контекст шеңберінде технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуға жәрдемдесу қабілеті

Нәтижелер қарапайым сөйлеммен жазылады, әр оқу нәтижесі үшін бір ғана етістік қолданылады (білу, түсіну, үйрену, таныс болу, хабардар болу, хабардар болу сияқты етістіктерді пайдаланбаңыз, өйткені олар оқу нәтижелерін емес, оқу міндеттерін анықтайды). Семантикада нәтижеге қол жеткізуді өлшеуге болатын етістікті таңдау керек. Оқыту нәтижелері көрінетін, өлшенетін, бағалауға жататын болуы тиіс.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау және талдау үшін білім беру бағдарламасының модульдері бойынша қалыптастыру матрицасы (бұдан әрі – Матрица) әзірленеді. Матрицада бірінші бағанда әзірленген оқу жоспарына сәйкес білім беру бағдарламасының барлық модульдері тізімделеді.

Әрбір оқу нәтижесі матрица көмегімен кодталуы керек:

- когнитивті (A1, A2);
- функционалды (B1, B2, B3);
- жүйелік (C1, C2);
- әлеуметтік-коммуникативті D,
- мета құзыреттілік (E)

#### Оқыту нәтижелерін оқыту деңгейлері бойынша бөлу

Оқу деңгейі	ОД типі	БББ бойынша ОН сандық қатынасы
Бакалавриат	Танымдық	2 (A1, A2)
	Функционалды	2 (B1, B2)
	Жүйелік	2 (C1, C2)
	Әлеуметтік-коммуникативті	1 (D)
	Мета құзыреттілік	1 (E)
Магистратура	Танымдық	1(A1)
	Функционалды	3 (B1, B2, B3)
	Жүйелік	2 (C1, C2)
	Әлеуметтік-коммуникативті	1 (D)
	Мета құзыреттілік	1 (E)
Докторантура	Танымдық	1 (A1)
	Функционалды	2 (B1, B2)
	Жүйелік	3 (C1, C2, C3)
	Әлеуметтік-коммуникативті	1 (D)
	Мета құзыреттілік	1(E)

#### Оқу нәтижелерін сипаттайтын белсенді етістіктердің үлгі тізімі

№	Құзыреттілік	Оқыту нәтижелері	Етістіктер
1	Танымдық құзыреттілік	білу және түсіну	кестелерді анықтау, қайталау, әзірлеу, есте сақтау, атау, ретке келтіру, сипаттау, түсіндіру, қайта құру, жіктеу; көбейту, көрсету, түсіндіру, контексттеу және т.б.;
2	Функционалды құзыреттілік	қолдану және талдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• қолдану, таңдау, көрсету, сахналау, иллюстрациялау, интерпретациялау, графиканы құру, эскиз жасау, шешу, пайдалану, есептеу, жазу және т.б.;</li> <li>• талдау, бағалау, жіктеу, салыстыру, қарама-қарсы қою, сәйкестікті анықтау, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау, сынға алу, саралау, ажырату, ажырату, дәлелдеу, себептерін түсіндіру, қорытынды жасау, эксперимент жүргізу, нәтижелерді жалпылау және т.б.</li> </ul>
3	Жүйелік құзыреттілік	синтез, бағалау	<ul style="list-style-type: none"> <li>• құру, теориялау, жүйелеу, жинақтау, құрастыру, құру, құру, дамыту, тұжырымдау, басқару, себептерін түсіндіру, эксперимент жүргізу, нәтижелерді қорытындылау, қорытынды жасау, жүйелеу, жоспарлау, дайындау, дәлелдеу, ұсыну, құру, жазу, пәнаралық білімді жобалау, интеграциялау және т.б.;</li> <li>• бағалау, талқылау, таңдау, сынға алу, дәлелдеу, салыстыру, қорытынды жасау, қорғау, бағалау, қарау, ұсыну, қолдау және т.б.</li> </ul>
4	Әлеуметтік (коммуникативті) құзыреттілік	Ынтымақтастыққа дайын болу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ережелерді тұжырымдау, талқылау; талаптарды, өлшемдерді, принциптерді анықтау; шешімдер қабылдау және олар туралы есеп беру, қорытынды жасау, дәлелдеу, дәлелдеу;</li> <li>• өз көзқарасыңды талап ету, шешім қабылдау, қарсыластарын сендіру және т.б.</li> </ul>
5	Мета-құзыреттілік	Оқыту саласындағы іскерліктер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өз жетістіктерін көрсете білу, объективті бағалау, жағдайды талдау; жаңа құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігі туралы хабардар болу; одан әрі жеке және кәсіби дамудың бағыттарын анықтау; мамандықтағы өзгерістердің жоспары;</li> <li>• өз қабілеттерін қолданудың тиімді бағыттарын анықтау, қоғамның дамуына ықпал ету және т.б.</li> </ul>

7.4 Ары қарай пәндер бойынша қосымша ақпарат беріледі. Барлық оқу курсы, пәндер (модульдер) бойынша оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз ету БББ "Пәндер туралы мәліметтер" кестесінде көрсетіледі. Пәнді сипаттау мәтіні -30-50 сөзден тұруы керек. Кестені толтыру кезінде пәннің қысқаша сипаттамасында мыналар болуы керек: пәннің мақсаты және қысқаша мазмұны.

## **8. ЕКІ ДЕҢГЕЙЛІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

8.1. Бірінші кезеңде кафедра меңгерушісі (БББ жетекшісі) университеттің стратегиялық серіктесін анықтайды, екі деңгейлі білім беру бағдарламаларын немесе бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға университеттің келісімін алады. Екінші кезеңде екі серіктес университет арасында келісімшарттар жасалады. Келісімді жасасуды халықаралық бөлім жүзеге асырады. Келісім-шартта кезеңдерді және оқу нәтижелерін міндетті түрде тануды және автоматты түрде ауыстыруды, жалпы қабылдау және аттестаттау комиссияларына қатысуды, оқытушыларды бағдарламаларға тартуды тағайындау қажет. Қос дипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асырған кезде екі деңгейлі білім беру бағдарламаларын толық меңгерген студенттерге әр серіктес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дәрежесі немесе бірлескен бір дәреже берілуі керек.

8.2 Бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжат ЖОО бағдарламаға қатысатын барлық мекемемен/әріптес жоғары оқу орнымен жасасатын бірлескен білім беру бағдарламасы туралы келісім болып табылады. Жасалатын келісім екі талапқа сай болуы керек:

- серіктес университеттер орналасқан елдердің қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі;

- бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде тараптардың қарым-қатынасын реттеу үшін маңызды және барлық басқа қажетті шарттарды қамтуы керек.

8.3 Келесі кезеңде кафедра меңгерушісі (БББ көшбасшысы) серіктес университетпен бірге келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді. Бағдарламаларды әзірлеу сағат санын белгілеуден емес, бағдарламаға енуі керек және оқу нәтижелері негізінде анықталатын пәндік салаларды анықтаудан басталады. Бұдан әрі бағдарламалардың салыстырмалылығын қамтамасыз ету және азаматтардың академиялық және еңбек ұтқырлығын арттыру үшін пайдаланылатын, сондай-ақ бағдарламалардың еңбекті қажетсінуін өлшеудің нақты тетігі болып табылатын сынақ бірліктерін ауыстырудың еуропалық жүйесінің (ECTS) талаптарына сәйкес сынақ бірліктерін есептеу жүзеге асырылады. Сынақ бірліктерін бөлу кезінде, егер олар тым жоғары болса және қолда бар уақытша ресурстар ішінде қол жеткізілмесе, оқыту нәтижелерін/міндеттерін түзету қажет болуы мүмкін. Есептеу типтік (орташа) студент сияқты ұғымдарды қолдануды қамтиды, басқаша айтқанда, сынақ бірліктері құзыреттіліктер (білім мен дағдылар) тұрғысынан көрсетілген нәтижелерге қол жеткізу үшін қажет орташа студенттің еңбек шығындарын бағалау негізінде есептеледі. Несиелік бірліктерді есептеу кезінде мыналар ескеріледі:

- аудиториядағы сағат саны (аптасына сағат саны \* апта саны);
- дәріске немесе семинарға дайындалу уақыты және дәріске немесе семинарға ой жүгіртуге берілетін уақыт (конспектiлердi, жазбаларды қайта қарау);

- курсты ойдағыдай игеру үшін қажетті өзіндік жұмыс көлемі. Сонымен, сынақ бірлігі-бұл модульдің (оқу бағдарламасының бірлігі) дамуын аяқтауға қажетті номиналды уақытқа негізделген студенттің еңбек шығындарын өлшеу.

8.4 қос дипломды немесе бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар үшін жеке оқу жоспары жасалады, оған оқу пәндерінің тізбесі, олардың еңбек сыйымдылығы (кредит және сағат саны бойынша), семестрлер, олар меңгерілетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары-серіктестер бойынша бөлу, қайта есепке алу тәртібі кіреді. Екі тараптың білім беру бағдарламалары пәндерінің тізбесі білім алушының жеке оқу жоспарын жасау кезінде ескеріледі. Студенттің жеке оқу жоспарын құру кезінде екі жақтың білім беру бағдарламаларының пәндерінің тізімі

ескеріледі. Сондай-ақ, студент тәжірибенің барлық түрін және қорытынды аттестаттаудан толық өтеді.

8.5 Студентті қос дипломды немесе бірлескен білім беру бағдарламаларына қосу оның өтініші негізінде және серіктес жоғары оқу орнымен жасалған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушы серіктес университетте қабылдау рәсімдерінен өтеді. Қос дипломды білім беру бағдарламасына енгізілген шетелдік білім алушылар "енгізілген білім" деген ерекше белгімен және оқу кезеңін, мерзімін, пәндер санын және игерілетін кредиттердің көлемін көрсете отырып, білім алушылардың жалпы контингентіне қабылдаудың ұқсас рәсімдерінен өтеді. Оқу аяқталғаннан кейін және бағдарламалардың әрқайсысы бойынша барлық талаптарды орындағаннан кейін білім алушыға академиялық дәреже беру туралы белгіленген үлгідегі екі диплом және уағдаластық негізінде екі транскрипт не бір бірлескен диплом беріледі.

8.6 Қос дипломды немесе бірлескен білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын және серіктес университет ұйымының талаптарын ескеруі керек. Қос дипломды немесе бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқығанда әр түрлі оқыту технологияларын, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдануға болады. Әр оқу жылының соңында бағдарламаның сәйкес модулін жүзеге асыратын серіктес университет студентке транскрипт береді.

8.7 БББ әзірлеу мерзімдері "БББ жоспарлау" деген 5 – тарауда көрсетілгенмен бірдей.

## **9. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ**

9.1. Элективті курстар каталогының сипаттамасы. Элективті пәндер каталогы білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешенінің негізгі құжаттарының бірі болып табылады. Элективті курстар каталогы негізінде студент эдвайзердің көмегімен жеке оқу бағдарламасын әзірлейді. Элективті пәндер каталогы пәнді оқытудың тиімді педагогикалық әдістерін дайындау мен жасауды жетілдіру және үнемі жетілдіру мақсатында құрылған.

9.2. Элективті курстар каталогын қалыптастыру бойынша дайындық жұмыстары:

- Қолданыстағы пәндерді оқу;
- Пән көлемін анықтау;
- Оқытудың күтілетін нәтижелерін қалыптастыру;
- Пәннің мазмұнын анықтау.

9.3 Элективті пәндер каталогы Ф УЕ 109-02-2022 нысанына сәйкес әзірленеді..

9.4. Элективті курстар каталогының құрылымы. Элективті курстар каталогында келесі компоненттер болуы керек:

- Пәннің коды мен атауы, кредит саны;
- Пререквизиттер;
- Постреквизиттер;
- Оқыту мақсаты;
- Аңдатпа;
- Зерттеудің күтілетін нәтижелері

9.5 Элективті курстар каталогын әзірлеу және бекіту тәртібі. Элективті пәндер каталогын, білім беру бағдарламасына сәйкес жаңа оқу жылына жыл сайын ПОҚ дайындайды. Әрбір кафедра әзірленген пәндер тізбесін ұсынады, пәндерге постреквизиттер, пререквизиттер, курстың қысқаша аңдатпасы және қалыптастырылатын күтілетін нәтижелер қоса беріледі. ПОҚ ұсынылған пәндерді зерделейді және жұмыс берушілер мен білім алушылардың қатысуымен кафедра отырысында талқыланады. Осының негізінде пәннің атауы, көлемі, оның мазмұны, мақсаты мен міндеттері, оқыту нәтижелері көрсетіледі. Элективті пәндер кредиттерінің саны осы пән бойынша ақпарат



көлеміне байланысты, сонымен қатар практикалық және зертханалық сабақтарда осы пән бойынша дағдылар мен біліктерді игерудің уақыты мен күрделілігіне байланысты болады.

9.6 Пәндер каталогын бекіту. Элективті пәндер каталогы жұмыс берушімен келісілгеннен кейін факультеттің (мектептің, академияның) АБ қаралады және ұсынылады және университеттің АК бекітіледі.

9.7 Пәндер каталогы білім беру бағдарламаларын жетілдіру жағдайында немесе білім беру бағдарламасының жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде қайта қарастырылады. Таңдау пәндер каталогының түпнұсқасы АССКБ сақталады.

## 10. MINOR КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

10.1 Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша құзыреттер моделін және пәндер тізбесін анықтағаннан кейін қосымша Minor білім беру бағдарламаларының тізбесі айқындалады.

10.2 Қосымша білім беру бағдарламасының атауы, minor аясындағы пәндер тізімі анықталады.

10.3 Бұдан әрі Ф УЕ 109-03-2022 нысанына сәйкес minor каталогы

Каталог құрылымы:

- 1) Титуль беті
- 2) Minor тізбесі, онда Minor атауы, кредиттер көлемі мен оқу семестрі көрсетілген пәндер тізбесі көрсетіледі.
- 3) Пәндер туралы мәліметтер:
  - Пәннің коды және атауы;
  - Пәннің қысқаша сипаттамасы;
  - Кредит саны;
  - Семестр;
  - Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету..

## 11. МОДУЛЬДІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

11.1 Модульдік оқу жоспары Ф УЕ 109-01-2022 нысаны бойынша әзірленеді. Қос дипломды білім беру шеңберінде Модульдік оқу жоспары Ф УЕ 109-05-2022 нысаны бойынша әзірленеді.

11.2 Аудиториялық сағат-бұл білім алушының оқытушымен, оның ішінде онлайн-форматта тікелей байланысын көздейтін байланыс сағаты.

11.3 Өзіндік жұмыс БӨЖ (білім алушылардың өзіндік жұмысы) және ОББӨЖ (оқытушының басшылығымен білім алушылардың өзіндік жұмысы) болып бөлінеді. Итарқа өздік жұмыстың барлық көлемінің кемінде 25% -. құрайды. Аудиториялық сағат тәртіп сағаттарының жалпы көлемінің кемінде 30% құрайды.

11.4 Жоғарыда көрсетілген сағат арақатынасын сақтау мақсатында университетте оқу қызметінің түрлері бойынша сағаттарды мынадай бөлу қолданылады:

ECTS	Сағаттар	Дәрістер	тәжірибе	ОББӨЖ	БӨЖ
8	240	30	45	45	120
7	210	30	37	40	103
6	180	30	30	35	85
5	150	15	30	30	75

4	120	15	22	22	61
3	90	15	15	20	40
2	60	7	15	15	23

